№7 дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдердегі мәдениет пен ұлт сабақтастығы.

XX ғасырдың соңына қарай мәдениетке ерекше көңіл бөлініп, мәдениет пен ұлт сабақтастығы, мәдениет пен әдет-ғұрып сабақтастығы қатынастарына орай зерттеудің жаңа тәсілдері мен жаңа нысандары қолға алынуда.

Бұрынғы гуманитарлық ғылымдарда орын алған үйреншікті, дәстүрлі зерттеулер мен көзқарастардың орнына, жаңа танымдық мақсаттар жүзеге асырылуда. Тіл біліміндегі эволюциялық даму – тарихилық пен сипаттамалықтан жүйелілік пен құрылымдылыққа дейін немесе коммуникативтік пен функционалдылықтың өзі біржақтылықты ғана керек етпейтін, көп аспектілі, сан қырлы қасиеттерге ие тілдің универсалды теорияларымен түсіндіру жеткіліксіз, қандай да бір формулаға бағындыруға бола қоймайтын және толыққанды топтастыруларға келе бермейтін құбылыс екені дәлелденді.

Әлемдегі бірбүтін дамудың орталығы деп танитын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда. Әлемді қалай көреміз, қалай түсінеміз, қалай сезінеміз деген мәселелер ғылымда көп зерттеле қоймаған, әлі де толықтырулар мен ізденістерді талап ететін зерттеулердің бірі болып табылады. Қарапайым тілдің логикалық жағы, әсіресе, эмоцияны, "сезімдік ойлауды" талап етпейтін жағдайда қасиеттері өте шектеулі.

Адамның шығармашылық қызметі мәдениетпен, әдебиетпен, тілмен қалай сабақтасады деген мәселемен семиотика ғылымы айналысады. Семиотика әдістері тіл білімінің фразеология саласында жиі қолданылады, яғни фразеологиялық фактілерді реконструкциялау негізінде – ұлттық мәдени дәстүрлерді анықтау (ұлттық мәдени архаиканың "консерванты" болып табылатын фактілердің тілдің фразеологиялық жүйесіндегі орны).

Соңғы жылдары тіл білімінде кеңінен құлаш алған, фразеологиялық қорды диахрондық тұрғыдан талдайтын этнолингвистика саласы кешенді түрдегі зерттеулер болып табылады. Белгілі бір халықтың ертедегі мифологиялық түсініктері, әлем моделдерінің дәстүрлі ерекшеліктері, ертедегі культтік сана-сезімдер мен дәстүрлері және т.б. тілдік дерек ретінде қарастырылады. Бұл салада Ресей ғалымдары, Н.И. Толстой еңбектері "Славян лексикологиясы және семасиологиясы" ("Славянская лексикололология и семасиология") мен оның шәкірттері және Қазақстан тіл білімінде академик Ә.Т. Қайдар мен оның мектебі еңбек етуде. Бұл тұста фразеология этнолингвистикалық мағлұматтың қажетті ерекше деректері ретінде қарастырылады, оның табиғатындағы халықтық мәдениет (халықтық онотология, психология, ұлттық көзқарас және т.б.) тілде көрініс табады.

Ертедегі мифологиялық кодтардың көріністері (стихиялық, анималистік, вегативтік және т.б.) тіл фактілерін талдауда тарихи-генетикалық негіздерін анықтаумен қатар жүргізіледі. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық "мифопоэтиканы" (әлем бейнесінің дәстүрімен байланысты тұрақты бейнелі бірліктер мен мифометафоралар) талдау арнаулы зерттеу нысаны болған емес.

Орыс тіл білімінде осы тұрғыдағы зерттеулерді В.М. Мокиенко мен оның шәкірттері қарастыруда. Бұл мектеп зерттеулерінде әдеби тіл фразеологиялық бірліктерге синхрондық және диахрондық тұрғыдан сабақтастыра талдау жасап, олардың құрылымдық-мағыналық модельдерін анықтап, ол модельдерді фразажасам принципі және мәдени таңбаның көрінісі деп дәлелдейді. Адам сәби шағынан тілді, сол арқылы мәдениетті меңгергенде ғана адам болып қалыптасады. Халық мәдениетінің ұшқыр іздері тіл арқылы көрініс табады. Тіл нәзік болғанымен, оның табиғаты күрделі, сондықтан да әлем бейнесі адамзат тілінде әр қилы бейнеленеді.

Ғасыр соңында адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көзін жеткізді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор мағлұматтарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Сондықтан да адамның тұлға ретінде жеткізіліп, өсуі оның сөзді

қаншалықты дәрежеде меңгеруіне, сөз мәдениеті мен шеберлігін қаншалықты білетіндігіне тікелей тәуелді. Адамның қоғамдағы орны сөз әлемін меңгеру дәрежесіне, тіл құпиясы мен сырын қаншалықты ұғынуымен байланысты.

Сондықтан да тіл құпиясын ашу адамзат сырын танумен барабар. Тіл мәдениетінің қайнар көзі бола тұра, ол тілдің құрамдас бөлігі, сонымен қатар мәдениеттің өмір сүру шарты, тәсілі, мәдени кодтардың қалыптасу факторлары болып табылады.

Қазіргі ғылымда тіл теориясы мен мәдениет теориясының тоғысуында пайда болған тіл білімі саласы лингвистикалық мәдениеттану (лингвокультурология) деп аталынады. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымы – тіл білімі мен мәдениеттанудың шегінде пайда болған, халық мәдениетінің тілдегі сақталған көрінісін зерттейтін сала.

Бұл саланың негізгі мақсаты – ата-бабалар рухани дүниесінің тілде қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын анықтау. Болжамды дәлелдеу мақсатында миф-мәдениет, миф-тіл, фразеологизм-миф концептері қарастырылды.

XX ғасырдың негізгі ерекшелігі – ғылыми білімінің әр түрлі салаларының өзара байланысының қарқынды дамуы. Гуманитарлық пәндер арасындағы бұндай синтез адамның іс-әрекеті мен қызметінің заттанған, таңбаланған нәтижелерін өнбойына сіңірген мәдениеттің феномені ретінде қарастырылатын мәдениеттанулық зерттеулерден көреміз. Қазіргі уақытта В.Н. Телия сөзімен айтсақ, “тіл мен мәдениеттің арақатынасын синхрондық тұрғыдан зерттеу және сипаттау” лингвистикалық мәдениеттану пәнінің негізгі міндеті болып табылады [В.Н. Телия, 1996; 217 б.]. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымын зерттеуші ғалым В.Н. Маслова пәннің мақсаты мен міндеттеріне тоқтала келіп, былай дейді: “эксплицировать культурную значимость языковой единицы (т.е. “культурные значения”) на основе соотнесения прототипной ситуации фразеологизма или другой языковой единицы, его символьного прочтения с теми “кодами” культуры, которые известны или могут быть предложены носителю языка лингвистом” [В.А. Маслова, 1997; 10-11бб.].

Аталмыш анықтамаға сүйене отырып, тілдік бірлік негізінде мәдени бірліктер көзін ашуға ғана емес, сонымен қатар, керісінше, мәдени бірліктер арқылы тіл бірліктерінің табиғатын ашуға болатынын көз жеткізіп отыр.

Лингвистикалық мәдениеттану тұрғысындағы зерттеулердің негізгі міндетіне тоқтала келіп, лингвокультурологиялық концептерді символдар жүйесі деп танитын ғалым Г.Г. Слышкин былай дейді: “Біріншіден, сөйлеу тіліндегі (дискурстағы) қандай да бір мәдени бірлікті айқындайтын тең дәрежелі тілдік құралдарды анықтау, екіншіден, әр түрлі коммуникативтік ситуацияда негізгі апеляциясының прагматикалық қызметінің аталмыш мәдени бірлікке тән екенін дәлелдеу қажет” [Г.Г. Слышкин, 2000; 8 б.].

Қазіргі кездегі тіл білімі әдебиеттерінде концепт терминімен қатар, тіл және мәдениет элементтерін байланыстыра қарастыратын логоэпистема, лингвокультурема терминдері қолданылып жүр. Ғылым саласының жаңадан қалыптасу кезеңінде жарыспалы қолданыстардың қатар жүруі заңды құбылыс болып табылады.

Лингвоэпистема терминін лингвоелтанулық зерттеу еңбектерінде алғаш рет Е.М. Верещагин мен В.Г. Костоморов енгізген болатын. Лингвоэпистема – тілдік бірліктерде сақталған білімдер жинағы, яғни “знание несомое словом как таковым – его скрытой внутренней формой, его индивидуальной историей, его собственными связями с культурой” [Е.М. Веращагин,В.Г. Костоморов, 1999; 71 б.].

Лингвокультурема терминін алғаш ұсынған – В.В. Воробьев. Лингвокультурема – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік [В.В. Воробьев, 1997; 45-97 бб.].

Зерттеу барысында, көбінесе, лингвокультурема терминін қолданамыз. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы негізінде зерттелетін тілдік бірліктер – культуремалар зерттеудің негізгі нысаны болып табылады. Аударма саласындағы лингвистикалық мәдениеттанудың теориялық мәселелеріне тоқтала келіп, профессор А. Алдашева былай дейді: “Лингвистикалық мәдениеттану саласы – этнолингвистикамен де, лингвоелтанумен де ортақтасатын ғылым; лингвомәдениеттану әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың

төл элементі, халық тілімен жасасып келе жатқан өз сөзі; өзгелерден ауыс-түйіс емес, өз меншігіндегі сөз, сөз тіркесі, афоризм, мақал-мәтел екендігін дәлелдейтін белгі қайсы; ұлттық "бет-пішін" бар деп есептелінген сөз ұлттық, элементтік, этикалық, саяси адамгершілік, тұрмыстық нормаларынан қандай мәлімет жеткізе алады дегенді зерттеуге назар аударады" [А.Алдашева, 1998; 122-123 бб.].

Мәдениет семантикасының күрделі кілті тілде жатыр. Ғасырлар бойы бірнеше ұрпақты толғандырған аңыздар мен шежірелер, яғни мифтер тек мәдениеттің көрінісі ғана емес, ол адамзаттың мифологиялық кезеңінің тілдегі (фразеологиялық бірліктерде) сақтаулы, қазіргі тілдік материалдардағы бейнесі.

Түркітану ғылымында шамандық белгілері көне түркілердің сенімдерінде, мифологиялық дүниесінде көп екендігін дәлелдейтін зерттеулер XIX ғасырда жүргізілген. Европа ғалымдары тіл мен миф арасындағы тығыз байланысты көрсету, адамның әлеуметтік және мәдени өміріндегі құбылыс ретінде байланыстар мен ерекшеліктерін анықтаумен XIX-XX ғғ. айналысты.

Тіл мен миф арасындағы байланыс туралы көзқарастар бір-біріне қарама-қайшы пікірлермен жалғасып жатады. Мәселен, атақты ғалым Ф. Шеллинг тілді қатып қалған, солған мифтің бейнесі десе, М. Мюллер тілдің біріншілігін, мифтің тілге қарағанда екіншілігін дәлелдейді. Ал Э. Кассирер тіл мен мифті қатар қойып, олар бір-бірінен ажыратуға келмейтін символдық формалар, сондықтан да олар әрқашан бір-бірін толықтырады деген пікірді айтады [А.М. Лобок, 1997; 159-164 бб.].

Тіл мен мифтің байланысының беріктігі соншалық, бір қарағанда оларды ажырату тіпті мүмкін емес болып көрінеді. Егер лингвистикалық ойлау бар болса, ол мифологиялық ойлаумен, таныммен әбден сіңіскен – дейді Э. Кассирер[1].

Кейбір ғалымдар миф туралы зерттеулердің бастамасын тіл білімінен, соның ішінде семантикадан алу қажеттігін айтады. Тіл табиғатында мифологиялық ойлаудың көрініс табатын және оны сақтайтын қандай да бір механизм (құдіретті күш) бар, осы күш сол ойлауды қайта жаңғырта да алады деген пікірлер де кездеседі (Ф.И. Буслаев, А.А. Потебня, А.Н. Веселовский және т.б.).

Кейінгі кездері тілдің коммуникативтік қызметіне шек келтіретін пікірлер де кездесіп жүр. Бұл көзқарастар негізінде тілдің коммуникативтік еместігін дәлелдеу мақсатында, тілдің пайда болуының мифологиялық негізін дәлелдейді [А.М. Лобок, 1997; 164 б.]. Әрине, бұл болжамның да өзіндік логикасы жоқ емес. Тілде қарым-қатынас құралы ретінде пайда бола қалатындай қарапайымдылық жоқ, ол өте күрделі жүйе. Сондықтан да кей тұста тілдің пайда болуының тек мифологиялық болжамы ғана тіл құдіретінің жұмбақтары мен сырларына жауап бере алатындай көрінеді.

Тіл феноменін түсінуге оның ғажайып фантастикалық күрделілігін, қатынас құралын қиындатпаса жеңілдете алмайтын тілдің мәдени тұрғыдан боялған терең мағынасын ашуда тілдің пайда болуының мифологиялық болжамы ғана жауап бере алады. Мифологиялық болжам тіл феноменінің сан қырларын түсіндіруге жол аша алады. Мәселен, әр түрлі мәдени мұраларға ие халық үшін тіл өз туған, ұлттық мәдениетін дәріптеуші, оны өзге, жат мәдениеттен қорғаушы, сонымен қатар мәдениетті өз ішіне сақтаушы, басқа халықтың, жат ұлттың түсініп, кіруіне жол бермеуші құрал болып табылады. Мәдени мұралардың көріністері қоғамда, халық арасында ата-баба мұрасы ретінде қолданылатын тіл бүгінгі таңда коммуникативтік қызмет атқаратыны сөзсіз, бірақ өзінің шығу арнасы тұрғысынан утилитарлы- коммуникативтік, яғни тек қана қарым-қатынасқа қажет жасалым ретінде қалыптасқанына көз жеткізу қиын.

Кез келген сөз ертедегі адамзат үшін ерекше мифологиялық құпияға ие болған, оның мағынасы мифтік түсініктер мен сырларға толы, адам үшін киелі болған. Ата-бабалар үшін сөздің киелі мағынасын білу, оның құпиясын ашу аса қажет болған.

Өркениеттің дамуымен бұл құпия сырлар жиынтығы ұмытылуы түсінікті де, бірақ баба мұрасы болып табылатын тіл мәдени ошақтарда міндетті түрде сақталады, қажет

[1] Э. Кассирер сілтемесі Т.А. Цивьянның "Лингвистические основы балканской модели мира"

кезінде оны ұрпақтары қайта жаңғырта алады. Талай ғасыр куәсі болған әдет-ғұрыптарымыз бен салт-санамыздың бүгінгі таңдағы жаңаша орын алуы осыған куә. Мәселен, жаңа жүре бастаған баланың аяғына жіп байлап кестіретін дәстүр *тұсау кесер* деп аталады. Бұл ырым тез жүріп кетсін, тез ер жетсін деген тілекпен жасалады. Оған арнайы ала жіп дайындалады. *Ал жіптің* өзінде киелі мағына бар, яғни ешкімнің *ала жібін аттамасын,* "Тұсау кесер" жыры да сақталған:

Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Тағы, тағы баса ғой,
Тақымыңды жаз, балам.
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың!
Тұсауыңды кесейін
Күрмеуіңді шешейін.

Тұсау кесер ұғымының қазіргі жаңарған, қайта жаңғырған мағынасы "презентация" ұғымындағы мағына. Бүгін Қазақстанның бас ордасы – Астана қаласында Евразия университетінің жаңа ғимаратының *тұсаукесері* болды. Мысалдан көріп тұрғанымыздай, тіл өз бойына мағлұматтарды сақтап қана қоймай, керек кезінде қайтадан жаңғырта алатын мифологиялық ойлаудың қандай да бір механизмі сақталған болған болуы керек.

Осыған орай, қазақ тіліндегі ұлттық мәдени маңызы бар деректерге талдау жасай келіп ғалым Г. Смағұлова былай дейді: "Егер тілде фразеологизмдер сақталмай, бізге жетпеген болса, қазақтардың рухани өмір сферасы қалай анықталып, қандай мәдени өмірге сүйеніп, пікір айтылар еді. *Сақалын сипау* – мораль, этика үлгілері болса, *қара шаңырақ* – мұнда да мораль бар, әрі этнографиялық ұғым, *ат кекілін кесісу, ақ түйенің қарны жарылу* – этнолингвистикалық білімдерді қажет етеді. Осыған орай, әр ұлт тілінің әлеуметтік қуаты арқылы мәдениет сақталады" [Г.Н. Смағұлова, 1998; 146 б.].

Ұлт мәдениетінің сақталуы ұлт тілімен тікелей байланысты. Тілсіз мәдениеттің, рухани барлықтың сақталуы мүмкін емес. Тіл мәдени информацияны сақтап қана қоймайды, сонымен қатар ол туралы білімдерді жинақтап, сұрыптап, қажетінше қайта жаңғыртып отырады. Мәселен, *тұсау кесер* дәстүрімен сабақтас келетін адамның дүниеге келуін алайық. Қай халық болмасын, отбасын құрып, үй болғаннан кейін нәресте сүюді арман еткен. Бала – өмірдің жалғасы, жеміс берер гүлі, жанұяның тірегі. Тілдегі *бесіксіз үйде береке жоқ, балалы үй – базар, баласыз үй – құ мазар, бала тілі – бал, бала – бауыр ет* және т.б. бейнелі тіркестер осыған дәлел. Баланың, перзенттің дүниеге келуін ерекше табиғат-ана сыйы, ұрпақтың, адамзаттың жалғасы деп білген. Сондықтан да тіл-тілде халық ертегілерінен бастап, ауыз әдебиетінде, эпостық және лирикалық жырларда, толғаулар мен дастандарда, көркем әдеби шығармаларда және т.б. жанрларда көрініс тапқан. Мысалы:

Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп мал жиып,
Кесесіне бал құйып,
Өмір де сүрер ме екенсің?;

Оның екі қатыны болыпты, олар бала таппапты. Қорасы толған мал екен, бір перзентке зар екен (халық ертегісінен); *Не бетімді айтайын, Ақбала шошып бала тастай жаздапты… – деп көршілердің бәріне суық хабар таратып жіберді* (Ә. Нұрпейісов) т.б.

Сонымен қатар тілдегі *бала тапты / сүйді / туды / босанды; бала басты болды, бала көтереді, екіқабат болды, жүкті болды* және т.б. фраземалар нәрестенің дүниеге келуіне байланысты пайда болған тіркестер. Осыған орай жақсы тілектер де тілде сақталған: *Бауы берік болсын!, Жасы ұзақ болсын!, Ұзағынан берсін!* және т.б.

Адамның дүниеге келуіне байланысты көптеген салт-дәстүрлер сақталған және олардың тілдегі көрінісінің дәлелі де жоқ емес.

Бесікке салу – түркі халықтары балаларын ағаш бесікке салып өсірген. Бесікке салар кезде "Бесік жырын" айтқан. Ол жыр әдетте былай басталды:

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем, ...
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?... және т.б.

Бәрімізге белгілі қазақ халқында жастайынан балаларын атастырып, *бесік құда* болысқан. Бұл – ата-анасының қызы жақсы жерге тұрмыс құрсын, ұлы текті жерден қыз алсын деген жақсы ақ пейілі мен арманынан келіп туған дәстүр. Мысалы: Қайнағаның үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің *бесік керті күйеуі* екен (Т. Ахтанов); Бұл жастардың ата-аналары балаларын *бесікте жатқа кезінде-ақ* атастырып, құда болысқан (Ғ. Мұстафин) және т.б.

Нәрестемен байланысты туған, негізгі уәжі бала сүю болып табылатын дәстүрдің бірі – *құсақ шашу.* Көптеген бала көтермеген әйел екіқабат болғанда жасалатын ырым. Аяғы ауыр әйел ұялмасын, тіл-көзден сақтасын деген оймен, перзентті болатынын ашып айтпай, *күмәнді, аяғы ауыр, ішінде көжегі бар* деген сөздерді қолданған. Құрсақ шашуға келгенде әйелдің жерігін қандыруға, жеймін дегенін тауып беруге тырысқан. Себебі жерігі қанбаған әйел басы айналып, ауыра береді деген. Мұндайда *ит жерік* деп атаған, *жерік асын жегендей қуанды* тіркесі осының дәлелі.

Жаңа туған баланы қырқынан шығару, шала туған баланы тымаққа салу, жоғарыдағы тұсау кесер, шілдехана тойы және т.б. дәстүрлер халық санасында сақталып қана қоймаған, аталмыш мағлұматтардың тілдегі көрінісін де сақталған. Әдет-ғұрып, салт-сана негізінде халық мәдениетін, рухани байлығын, менталитетін көрсек, бұл біржақтылық қана болған еді. Себебі мәдениет көздері тіл арқылы сақталып, көбінесе тіл арқылы көрініс табады.

Мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа тілсіз жетуі мүмкін емес. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымының көрнекті ғалымдарының бірі В.В. Воробьев, тіл, ұлт (өкілі) және мәдениет үштігінің бірлігін айта келіп, "… язык есть важнейшее средство не только общения и выражения мысли, но и аккумуляции знаний культуры. Будучи сложной системой, язык может быть средством передачи, хранения, использования информации", – деп түйіндейді [В.В. Воробьев, 1997; 45 б.]. Ұлттық мәдениеттің кілтін кез келген халық өкілі шеше алмайды, ол үшін сол тілде сөйлеп, сол тілде ойлап, сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасымен демалу керек. Себебі мәдениет кодты ашудың кілті сол атрибуттармен тікелей байланысты.

Тіл халықтың рухани байлығының ең қажеттілерін – мифологиясын өз бойына жинайды. Осындай тіл фактілеріне талдау жасау мәдени тамырларымызға үңіле түсуге, оның құпия сырларын түсінуге септігін тигізеді. Фразеологиздерді мифтік танымға, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға әкеп жүктеу, оларды бір бірімен байланысты дүние ретінде қарастыруға, оларды мәдениеттің құрамдас бір бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғылымдар сабақтастығын (тіл, мәдениет, тарих, фольклор, этнология, әдебиет т.б.) жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді.

Аталмыш мәселе бойынша теориялық еңбектер авторы В.А. Маслова фразеологиялық мифологемаларға тілдік талдау жасай келіп, "…человек только тогда становится человеком, когда он с детства усваивает язык и вместе с ним культуру своего народа. Все тонкости народа отражают в его языке, который специфичен и уникален, так как по-разному фиксирует в себе мир и человека в нем", – деген пікір айтады [В.А. Маслова, 1999; 5 б.]. Адамзатқа тиісті мағлұматтың көбі тіл арқылы беріліп, тіл арқылы түсіндіріледі, адамның қоғамдағы орны, белсенділігі, жетістігі тілді қаншалықты дәрежеде меңгергенімен, сөз құдіретін қалай бағалай алғанымен тікелей байланысты.

Тіл құпиясы адамзат құпиясымен байланысты болғандықтан, олардың сырын ашу, ғасырлар қойнауларындағы жұмбақтар сырын ашуға жол ашады. Тіл – мифтердің сақталуының негізгі қайнар сөзі болғандықтан, осы деректер тілдің бейнелі тіркестері, халық мәдениеті мен менталитетінің қайнар бұлағы болып табылатын аңыздар мен дәстүрлер уәждерін фразеологиздермен байланысын талдау зерттеудің өзекті жағы болып табылмақ.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б